


Педагогикалық кеңестің №1, хаттама №1
шешімімен бекітілген
КМҚК «Жасұлан» Ясли-бақша
менгерушісі:  Темирбаева.Э.К
«22» тамыз 2020 жыл



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ**
ересек (4 жастан бастап) «Балдырған» «Балақай» тобының
2020-2021 оқу жылының жапсыру/мүсіндеу бойынша циклограммасы

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Абилжанова З.М
Касымова М.К

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу

Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің достарым»

Қыркүйек айы

ҰОҚ тақырыбы:		Балабақшадағы әр түрлі доптар	
ТОП:	Ересек		
ҰОҚ-нің мақсаты:	Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге үйрету..		
Күтілетін нәтиже:	ермексаздан домалақтау тәсілімен жасалған допты басқа түсті ермексазбен безендіреді; доптың ерекшеліктерін (пішінін, түсін, салмағын); түсінеді: ермексазды алақан арасына салып домалақтауды. қолданады:		
Тілдік мақсат:	домалақ. Билингвальді компонент: доп—мяч.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ- жауап.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, «Кім епті?» ойынын ұйымдастырады. Миға шабул Жұмбақ жасыру Тепсең-ақ секіріп, Ұстатпай қашады. Бір жерге бекініп, Тұра алмай сасады. ДОП		балалардың санына қарай үлестірмелі материалдар, доп,тақтайша, ермексаз, сулық.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып	Ой қозғау. Сұрақ-жауап:		

бойынша жұмыс 17 минут	–Доптың пішіні қандай? –Доптың түсі қандай? –Доп жұмсақ па, қатты ма? –Доп жеңіл ме, ауыр ма? –Доп бізге не үшін керек? 8 Тосын сәт. Аю келеді. Қонжықтарына доп керек екенін айтады. Топқа бөлу. Үлкен доп кіші доп суреттері арқылы. 1-топ ермексаздан үлкен доп мүсіндейді. 2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді. Саусақ жаттығулары: – қолымыздың саусақтарының көмегімен үлкен және кішкентай доп жасап көрейік. Ермексаздан доптың қалай жасалатынын көрсетіп, түсіндіру: – ермексазды таңдап аламыз; – ермексазды алақан арасына салып, айналмалы қимыл-қозғалыстар жасай отырып, домалақтаймыз: – басқа түсті ермексазбен әшекейлейміз. Сергіту сәті. Добым менің, добым менің, Добым неткен көңілді едің. Зымырайсың, қутыңдайсың, Менен қашып құтылмайсың. III. Смақанұлы Балалардың өз бетінше жұмысы. Педагог қажет жағдайда қиналып отырған балаға допты әшекейлеуге көмектеседі. Балаларды бақылау Жеке көмек Сергіту сәті. Қолды оңға созамыз, Қолды солға созамыз, Бір орында секіріп,	
--	--	--

	Біз демалып аламыз Дид ойын: «Біздің көрме» ойыны.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Балалардың жұмыстарын қорытындылау Аю балаларға рахмет айтып қоштасады. Сұрақтар ілмегі арқылы аяқтау. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу

Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің достарым»

Қыркүйек айы

ҰОҚ тақырыбы:		Қуыршақпен достары	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	қуыршақтың мүсінін жасауды үйрету. Ермексазды домалату,шымшу,жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету,		
Күтілетін нәтиже:	ермексазды алақан арасына салып, домалақтау, есу тәсілдерін біледі әртүрлі қуыршақ ойыншықтардың болатындығын түсінеді: домалақ, сопақша пішіндерді біріктіріп, қуыршақ бейнесіне келтіруді қолданады:		
Тілдік мақсат:	бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек. Билингвальді компонент: қуыршақ – кукла.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Балаларға ойыншықтар әлемін бейнетаспадан тамашалату. Қызығушылықты ояту. Қуыршақ туралы жұмбақ жасыру. Жұмбақ: Аяғы бар жүрмейді, Аузы бар күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ)		балалардың санына қарай үлестірмелі материалдар, ермексаздан жасалған қуыршақтың үлгісі, қуыршақтың суреті, тақтайша, ермексаз, сулық.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Үлестірмелі материалдағы мазмұнды суретпен жұмыс. Ой дамыту. Педагог: Балалар, бізге Айсұлу інісі Айдос екеуі қонаққа келіпті. –Кімнің бойы ұзын? – Айдостың киімінің түсі қандай? – Айсұлу мен Айдостың достары жоқ екен, оларға достар жасап берсек қайтеді. Педагог балаларға өзі дайындаған қуыршақтардың үлгісін көрсетеді.		

	– Айдос пен Айсұлудың денесі қандай пішіндерден жасалған? Жұмысты орындау тәсілін көрсетіп, түсіндіру: – ермексазды жұмсартамыз; – тақтайшаның үстіне салып домалақтаймыз; – үлкен бөлігі – денесі, кішкентай бөлік – басы; – ермексазды «шұжықша» пішінге келтіреміз, ол – қолы; – бөліктерді біріктіреміз, біріктірген жерін тегістейміз. Сергіту сәті: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Орған терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен! Балалардың өз бетінше жұмысы. Көзін, қасын, аузын жасауға педагог өзі көмектеседі. Дид ойын: «Біздің достарымыз» Балалардың жұмысын бағалау. Балаларға өздерінің жасаған қуыршақтарына ат қойдыру.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Рефлексия Педагог: Айсұлу мен Айдос балалардың жасап берген қуыршақ достарына қуанып, рақмет айтады. Балаларға жасаған қуыршақтарымен ойын ойнауды ұсынады. Балаларды мақтамад	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу

Қазан айы. Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

ҰОҚ тақырыбы:		Бақтағы өнімді жинау. Алма мен алмұрт.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру; алма мен алмұртты салыстыру арқылы пішініндегі айырмашылықты анықтау; ермексазды домалақтау, созу тәсілдерін қайталау;		
Күтілетін нәтиже:	жасайды: домалақтау, созу тәсілімен жемістер жасайды; түсінеді: әртүрлі жемістерден үйлесімді натюрморт құрастыруды; күзгі жиын-терін туралы; қолданады: домалақтау, созу дағдыларын.		
Тілдік мақсат:	сопақша. Билингвальді компонент: алма – яблоко, алмұрт–груша, сары–желтый, қызыл–красный.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: Амансың ба, Алтын Күн? Амансың ба, Көк Аспан? Амансың ба, достарым? Сендерді көрсем қуанам. Ой дамыту Магниттік тақтаға натюрморттар ілінеді («Алмалар мен жапырақтар», «Себеттегі алмалар» және т.б.) – Суреттерде не бейнеленген? – Осы суреттер сендерге қандай көңіл күй сыйлады? Бұл суреттер ашық түсті және көңілді бояулармен салынған, сондықтан оларға қарағанда бізде қуаныш пен көтеріңкі көңіл күй пайда болады.		ермексаз, тақтайшалар, сулықтар, жемістер бейнеленген натюрморт, алма мен алмұрт, үлестірмелі материал.
ҰОҚ-нің ортасы	Негізгі кезең		

III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	– Суретші неге алмаларды қызыл дастарқанның үстіне бейнелеген? – Әрине, сары және жасыл алмалар дастарқан үстінде әдемі көрініп тұруы үшін ойластырылған. – Тағы бір суретте алмалар үстелдің үстінде жатыр, олар – қызыл және жасыл түсті алмалар. Суретші олардың әртүрлі түсіне, көлеміне, дөңгелек пішініне, тәттілігіне қызығып бейнелеген болуы керек. Сендерге қандай алма ұнады? – Ал енді үлкен жапырақтардың үстінде жатқан алмаларға қарандаршы. Осы суреттерді бір-бірімен салыстырыңдар. Суретпен жұмыс аяқталғаннан кейін педагог алма мен алмұртты қолына ұстап көрсетіп, пішінін салыстыруды сұрайды. – Бізде алма мен алмұрттың бірнеше түрі, түсі бар. Әртүрлі жемістерді суретшілердің картинасындағыдай сауытқа әдемілеп орналастырайық. – Бүгін біз осы алма мен алмұртты ермексаздан жасап үйренеміз. Үлестірмелі материалға назарларын аударады. Сурет бойынша әңгіме жүргізеді. – Қазір күз мезгілі. Бақтарда піскен жемістерді жинайды. Марат та бүгін атасына көмектесіп, бақтағы алма мен алмұртты жинап жатыр. Біз оған жәшіктерді толтыруға көмектесейік. Бір жәшікке жасаған алмаларымызды саламыз, екіншісіне алмұрттарымызды саламыз. Біздің де жасайтын жемістеріміз ағашта өсіп тұрғандай әдемі, жылтыр болсын. Сөздік жұмыс: сопақша. Билингвальді компонент: алма–яблоко, алмұрт–груша, сары–жёлтый, қызыл–красный. Сергіту сәті. Саусағым, қайда болдың? Балалармен не істедің? Бір баламен жүгірдім, Бір баламен биледім, Бір баламен қыдырдым, Бір баламен ойнадым, Бір баламен секірдім, Достарымды жинаймын, Мүсіндеуді бастаймын! (Г.Бектұрова) Педагог мүсіндеу тәсілін көрсетеді. – Бұрыннан білетін домалақтау тәсілімен алманы жасаймыз. Алманың сабағын орналастыратын жерді саусағымызбен шұңқырлаймыз. Сабағы мен жапырағын жасап, шұңқырға орналастырамыз. Алмұртты жасау үшін, алмадан үлкендеу дөңгелек жасап, жоғарғы жағын сопақша пішінге келтіріп созамыз. Сыртын тегістейміз.	
---	--	--

	Жасаған жемістеріңді жәшікке салыңдар. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Дид ойын: «Жемістер көрмесі» Балалардың жұмысын бағалау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	– Балалар, Марат сендерге жәшікті толтыруға көмектескендерің үшін алғысын білдіріп жатыр. Ол өзінің ауласындағы бақта пісіп тұрған жемістерінен сендерге беріп жіберіпті. Педагог балаларға алма, алмұрт үлестіреді.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу

Қазан айы. Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

ҰОҚ тақырыбы:		Бағдаршам	
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мүсіндеуді үйрету.		
Күтілетін нәтиже:			
Тілдік мақсат:			
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар	
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы Ұйымдастыру кезеңі Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? -Жыл мезгілдерін атап беріңіздерші. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күзде ауа-райы қандай болады? Аптаның нешінші күні?		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Аю келеді. Жолдан қалай өтуді білмейді. Балалардан көмек сұрайды. Ой қозғау. Олай болса жол ережесі, бағдаршам туралы түсінік берейік. Түстер арқылы топқа бөлу. Слайд арқылы қоянға түсінік береді. 1-Қызыл түс тобы бағдаршам туралы айтады. 2-Жасыл түс тобы жол ережесі туралы түсінік береді. Балаларды мадақтау.		

	Ой дамыту. Балалар қоян бағдаршам түстерін ұмытып қаламау үшін бағдаршам мүсіндеп берейік. Мүсіндеудің орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Біздер жолға шығайық. Ұзын,қысқа жолдарды Біліп біздер алайық. Оң жақта да, сол жақта да, Биік үйлер бар екен. Балалар жұмысқа кіріседі. 1-Қызыл түс тобы бағдаршам көздерін мүсіндеп, бағдаршам орнатады 2-Жасыл түс тобы жолдар мүсіндейді 3-Сары түс тобы машиналар мүсіндейді. Бақылау. Жеке көмек. Ойын «Бағдаршам» Шарты: жасаған жұмыстарын жол ережесіне ретімен қоя білу Балалардың жұмыстарын қорытындылау. Қоян: Рахмет сендерге балалар, мен енді жол ережесін бұзбаймын деп балалармен қоштасады. Балаларды мадақтау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Балаларды бағдаршамның көздері бойынша бағалаймын (қызыл – төмен, сары – жақсы, жасыл – өте жақсы).	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу
Қараша айы. Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**

ҰОҚ тақырыбы:		Бақшадағы қызанақ пен қияр
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	көгөністің адам ағзасына пайдасы туралы мағлұмат беру; көгөніс түрлері туралы білімдерін дамыту; ермексазды алақан арасына салып есу, домалақтау тәсілдерін меңгеру, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, көгөністі жуып жеуге, тазалық сақтауға тәрбиелеу	
Күтілетін нәтиже:	ермексазды алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін жасайды: көгөністің адам ағзасына пайдасын түсінеді: домалақ және сопақша пішіндер жасауды қолданады:	
Тілдік мақсат:	Көкөніс. Билингвальді компонент: бақша—огород, қызанақ—помидор, қияр—огурец.	
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰОҚ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз! Еш уайымды білмейміз. АҚТ технол жұмыс. Педагог балаларға бақшаның суретін слайд түрінде көрсетіп, қысқаша мағлұмат береді, жер үйде немесе саяжайы бар балалар бақшадағы көгөністерді баптап еңбектенсе, көкөністер тіпті дәмді болады.	көкөніс түрлерінің суреті, үлестірмелі материал, ермексаздың қызыл, сары, жасыл және қоңыр, қара түстері, тақтайша, ермексаз кесуге арналған құрал, сулық, тақтайша.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Негізгі кезең – Күзде бақшада нелер піседі? – Көгөністерді не үшін өсіреді?	

17 минут	– Көгөністердің адам ағзасына қандай пайдасы бар? – Қандай көгөністерді бірден жеуге болады, қайсысынан салат жасауға болады? – мықты болады. Имунитеті жоғары болады. Тәттінің орнына көгөністі көбірек жеу керек. Сөздік жұмыс: көгөністер. Билингвальді компонент: бақша–огород, қызанақ–помидор, қияр –огурец. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық». Қапшықтың ішіне қияр және қызанақ салынады. Балаларға қапшықтың сыртынан ұстап, қияр мен қызанақты ажыратып, сипаттама берулерін сұрайды. – Қызанақ пен қиярды көрмей-ақ қалай ажыраттыңдар? – Олардың түсі қандай? – Екеуін қосып, не жасауға болады? – Көгөністерді қай кезде жинайды? Үлестірмелі материалға назарларын аударады. – Атайдың бақшасындағы көгөністердің бәрі пісіпті. Біз атайға көгөністерді жинауға көмектесейік. –Жинаған қиярымызды бір, қызанақты екінші жәшікке саламыз. Қияр мен қызанақ жасау үшін қандай түсті таңдаймыз? – Қызанақты қалай мүсіндейміз? – Осы домалақтың сабағы тұратын орнын саусақ ұшын батырып, сәл шұңқырлаймыз. Шұңқырға кішкентай сабағы мен жапырағын орналастырамыз. – Қиярды өзіміз білетін қандай тәсілмен жасаймыз? Қиярдың кішкентай сабақшасын жасаймыз. Енді атайға жәшіктің ішін толтыруға көмектесуіміз керек. Сондықтан бірнеше қияр мен қызанақ жасаймыз. Жасаған көгөністерді жәшікке саламыз. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Рефлексия. –Балалар, қарандаршы, қандай көп көгөніс жинадық! Бізге ғана емес, бүкіл балабақша балаларына жетеді. Атай да сендерге алғысын білдіріп жатыр.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу

Қараша айы. Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

ҰОҚ тақырыбы:		Әдемі торғай.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру;		
Күтілетін нәтиже:	бөлшектерді дайындап алып, оны біріктіре отырып құстың бейнесін мүсіндейді жасайды құстардың пайдасын, оларды қорғау қажеттігін түсінеді : ұйымдастырылған оқу қызметінің барысында алынған дағдыларды қолданады :		
Тілдік мақсат:	шырылдайды, гуілдейді, қаңқылдайды, қарқылдайды, шықылықтайды. әдемі–красивый, торғай–воробей, ұя–гнездо.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері. Шақырамын сендерді, 19 Жолдастарым кел бері. Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. Қызығушылықты ояту Қызығушылықтарын ояту. Құстардың дауысы ұнтаспадан естіледі. Балалар бұл ненің дауысы. Дұрыс, айтасындар балалар бұл жылы жаққа ұшып, елімен қоштасып бара жатқан құстардың дауысы. Ой қозғау. Ал, құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшып кетеді? Енді күз мезгілі туралы не білеміз. Балаларды мадақтау.		құстардың суреті, үлестірмелі материал, ермексаз, тақтайша, ермексаз кесуге арналған кескіш, сулық.

ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Ой дамыту. АКТ технологиясы. Слайд құстар. Олардың дене бөліктеріне (көлеміне, пішініне) түстеріне назар аударту. Балалар, құстың дене құрылысына сипаттама беріңдерші. – Ол қалай қоректенеді? Сөздік жұмыс: шырылдайды, гуілдейді, қаңқылдайды, қаркылдайды, шықылықтайды. Билингвальді компонент: әдемі – красивый, торғай – воробей, ұя – гнездо. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Құс боп желмен ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Ұямызға қонайық. Үлестірмелі материалдарға назарларын аударады. Қыстап қалатын құстар туралы білімдерін еске түсіреді. Торғай туралы мәлімет беріледі. Оның дене құрылысына талдау жасалады. – Балалар, біз бүгін торғайды мүсіндесек қайтеді? – Торғайды мүсіндеп, суреттегі торғай қонып отырған ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. – Торғайды жасау үшін екі домалақ дайындап аламыз, үлкені – денесі, кішісі – басы болады. Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп, екі саусақпен қысып құйрығын шығарып, құйрығының ұшын жалпақтаймыз. Кішкентай домалақ бөлшек құстың басы болады, екіншісінің де құйрығын солай созамыз. Енді екеуін қосамыз. Құстың аяғын жасаймыз. Дайын құсты ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?» Әртүрлі құстардың суреті көрсетіледі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	«Жапалақ» ойынын ойнайды. «Күн» дегенде балалар «ұшады», жапалақ дегенде ұйықтайды, «түн» дегенде құстар ұйықтайды, жапалақ ұшады. Ұйықтамаған «құсты» ұясына алып кетеді.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу
Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

ҰОҚ тақырыбы:		«Чемпион бала»	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	жеңіс жалауын ұстаған баланың қимылын анық көрсетіп, бейнесін мүсіндей білуге үйрету. Шығармашылығын, қол саусақ икемділігін дамыту.		
Күтілетін нәтиже:	алақан арасына салып домалақтау, есу тәсілдерін қолданып, ермексазды әртүрлі пішіндерге келтіруді біледі.		
Тілдік мақсат:	Чемпион, батырлық.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ- жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: Біздің топтың ұл- қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды. Қызығушылықтарын ояту.Білмеспек келеді. Балалардан чемпион баланың мүсінін жасап беруді өтінеді.		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	АКТ технолоиясы. Слайд. Чемпион бала Түсінік беру. Ой қозғау. Неге чемпион дейміз? Қолында не бар? Топқа бөлу. Қызыл, сары түстер арқылы топқа бөлінеді.		

	1-топ баланы мүсіндейді. 2-топ жалау мүсіндейді. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек. Сергіту сәті. Ал, балалар тұрайық, Мойынымызды бұрайық Қолымызды созайық, Оңға, солға бір қарап, денемізді бұрайық. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрстеу. Балалар жұмысын қорытындылау. Галерия шарлау әдісі. Білмеспек балаларға рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау. Өсіп-өніп толамыз Күнге қарай талпынып Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Орнымызды табамыз Балалардың жұмысын бақылау.-Балалар жұмыстарын аяқтайды.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытындылау. Біз бүгін не жасадық? Балаларды мадақтау	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу
Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

ҰОҚ тақырыбы:		Бәйтерек	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	«Бәйтерек» туралы түсініктерін кеңейту; «Бәйтеректің» бейнесін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып мүсіндеуге үйрету.		
Күтілетін нәтиже:			
Тілдік мақсат:			
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз II.Қызығушылықты ояту. - Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма? Балалар біз бүгін Астана қаласына саяхатқа барамыз. - Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар?Ұшақпен Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік. Әуен қойылады. Астана арман қала Бағы бір жанған қала Тұрады ол жап-жас болып Мен үлкен болғанда да. Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Астанаға да келіп жеттік. Ендеше Астана қаласының көрікті жерлерімен танысайық.		

ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	III. Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс Астана қаласындағы көрікті жерлермен таныстыру. Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Тосын сәт. Осы кезде жетекшінің қалта телефонына хабарламакеледі. Жетекші ашып оқиды. Балалар қараңдаршы бізге асқа топтың балалары хабарлама жіберіпті: «Амансыңдарма? Астанаға жеттіңіздерме? Біз Бәйтеректі көргіміз келеді деген. Ендеше балалар біз Бәйтерек макетін мүсіндеп сыйлыққа апарайық Балалардың өз бетінше жұмысы Бәйтерек те қандай пішіндер бар? Төбесі неге ұқсайды? Балалардың Мүсіндеу жолдарын бақылау. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз Күнге қарай талпынып Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Орнымызды табамыз Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жасаған жұмысын бағалау. - Балалар сендер Астана туралы тақпақ білесіңдерме? Тақпақ: Астанам Ардақталды Астанам, Мәртебелі бас қалам. Көркейе бер күн сайын, Алға қарай, бас қадам. Ендеше балалар туған жерге ораламызба? Туған жерге оралу.	
IV. ҰОҚ-нің	Рефлексия Сұрақтар ілмегі	

қорытындысы. Рефлексия 3-минут	-Балалар сендерге саяхат ұнады ма? - Міне біз туған жерімізгеде, өз балабақшамызға оралдық. - Туған жеріміз қалай аталады? - Балабақшамыз қалай аталады? Балаларды мадақтау	
---	--	--

Тексерілді:  Емышева Н.С

Бекітемін:

Педагогикалық кеңестің №3, хаттама №3
шешімімен бекітілген
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
менгерушісі:  Темирбаева.Э.К.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ**

ересек (4 жастан бастап) «Балдырған» «Балақай» тобының
2020-2021 оқу жылының жапсыру/мүсіндеу бойынша циклограммасы

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Абилжанова З.М
Касымова М.К

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу

Қаңтар айы. Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

ҰОҚ тақырыбы:		«Шырша жаңғақтары»	
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	адам бейнесін мүсіндеу дағдыларын арттыру; композиция құрастыра білуге үйрету; топта жұмыс істей білу дағдыларын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу; тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.		
Күтілетін нәтиже:	бөлшектерді біріктіріп, адам денесін мүсіндей біледі жасайды: топта жұмыс істеуді; Жаңа жыл мерекесін түсінеді: композиция құрастыруды, оқу қызметінен алған дағдыларды қолданады:		
Тілдік мақсат:	шырша әні. Билингвальді компонент: шырша–ёлка,ән–песня, Жаңа жыл–Новый год		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз. – Балалар, сендер қазір сәулесін шашқан мейірімді күннің шуағы сияқтысыңдар. Енді біз күн шапағына қарап, өз ризашылығымызды білдірейік.		қыс көріністері, үлестірмелі материалдар, ермексаз, тақтайша, сулық.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог ертегі айтады: – Ерте, ерте, ертеде, бір қыз өмір сүріпті. Өзі сондай ақылды екен, бірақ оның достары жоқ еді. Біркүні...(осы кезде есік қағылып, бір қыз кіреді). – Сен кімсің? – Мен ертегіден келдім. Үйіме бара жатыр едім, бірақ адасып, сендердің бала бақшаларыңа кіріп кеттім. Менің достарым да жоқ (мұңаяды). Менің үйіме қарай жол сілтеп жіберіңдерші. – Шаршап қалыпсың, отырып демалып ал. – Балалар, біз келген қонақты қуантып жіберейік. Біз осы қызға дос тауып берейік.		

	Үлестірмелі материалдарға назарларын аударады. Жұмыстың орындалу ретімен таныстырады. – Бүгін бірнеше топқа бөлініп, әр топ өздері жасаған балалар мүсінімен қол ұстасып, шырша әнін айтып жатқан көріністі бейнелейді. – Кәне, қонақ қыз, бізбен бірге көңіліңді көтер. Сөздік жұмыс: шырша, қарағай тұқымдасына жататын қылқан жапырақты, мәңгі жасыл ағаш. Билингвальді компонент: шырша–ёлка, ән–песня, Жаңа жыл–Новый год. Сергіту сәті. Жүрісіңнен жаңылма, Жылдамырақ адымда. Шапалақта алақан, Тездет енді, балақан. – Сен мына жерге отыра ғой, балалардың қалай жұмыс істейтінін қарап отыр. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қонақ қыз: Рақмет, балалар! Сендер мені қатты қуанттыңдар. Бәрі мен тәрізді сұлу екен. Бірге шыршаны айнала Жаңа жыл туралы ән айтайық.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Рефлексия – Бүгін не туралы әңгімеледік? – Өлең қалай аталады?	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу

Қаңтар айы. Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

ҰОҚ тақырыбы:		Тауық пен балапан.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	жеке бөлшектерді біріктіре отырып, тауықтың балапанын мүсіндеуді үйрету; балалардың мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттырып, ермексаздан түрлі пішіндерді жасау дағдыларын дамыту; эстетикалық талғамдарының жоғары болуына жағдай жасау;		
Күтілетін нәтиже:	бірнеше бөлшекті біріктіріп, біртұтас пішін жасайды жасайды: үй құстарының пайдасы туралы, мүсіндеу тәсілдерін түсінеді: мүсіндеуге деген қызығушылықтарын қолданады:		
Тілдік мақсат:	үй құстары. Билингвальді компонент: тауық–курица, балапан–цыплёнок, үй құстары – домашние птицы.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: – Армысың, Көк аспан! – Армысың, Туған жер! – Армысың, Алтын күн! – Армысың, жан досым!		үй құстарының суреті, ермексаз, тақтайша, сулық, үлестірмелі материал, ойыншық балапан

ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Қызығушылықты ояту. Педагог ұнтаспаны қояды. – Балалар, балабақшаға біреу келген тәрізді. – Естисіңдер ме, дыбысын? – Есікті ашып қарайық. Есіктен қыт-қыттап тауық кіреді. –Балалар, менің балапаңдарым адасып кетті. Маған соларды іздеп табуға көмек бересіңдер ме? Мен сендерден көмек күтемін, – деп балалардан көмек сұрайды. Балалар, тауыққа балапанын табуға көмектесеміз бе? Педагог балапан ойыншықты көрсетіп: – Осындай әдемі балапандар жасасақ қайтеді? – Балапанның басы қандай? – Денесі ше? Сөздік жұмыс: үй құстары. – Билингвальді компонент: тауық–курица, балапан–цыпленок, үй құстары–домашние птицы. – Үй құстарын адамдар өсіріп, күтеді, үй жағдайында ұстайды. Қорада тұрады. Жем жейді. Сергіту сәті: Бір, екі, үш, төрт, бес, Шықты саусақ серуенге, Бір саусағым билеп кетті, Бір саусағым секіріп кетті, Бір саусағым сәлем берді, Бір саусағым ойнап кетті, Бір саусағым ұйықтап қалды, Шаршамаңдар саусақтар, Мүсіндеуге шығыңдар! (Г. Бектұрова) Үлгіні талдау. Үлестірмелі материалға назарларын аудару. – Алдымен балапанның денесін жасаймыз, оның пішіні алмұртқа ұқсас пішіннің бір шетін қолмен созу арқылы балапанның құйрығын жасаймыз. Басын кішірек дөңгелектен жасаймыз және шымшу арқылы тұмсығын шығарамыз. Басы мен денесін біріктіреміз. Қанатының орнын	

	сызып көрсетеміз. Аяқтарын жасап, оны да денесіне біріктіреміз. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Жұмысты аяқтау Дид ойын: «Балалапандар көрмесі» Балалардың жұмысын бағалау	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Рефлексия Педагог балалардың жұмысына сипаттама береді. – Балалар, тауық қатты қуанып қалды, сендерге ризашылығын білдіреді.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Бекітемін:
Педагогикалық кеңестің №3, хаттама №3
шешімімен бекітілген
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі:  Темирбаева.Э.К



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ
ересек (4 жастан бастап) «Балдырған» «Балақай» тобының
2020-2021 оқу жылының жапсыру/мүсіндеу бойынша циклограммасы

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Кузеубаева Г. К

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу

Ақпан айы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

ҰОҚ тақырыбы:		Балық.
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балық туралы мағлұмат беру; балықтың дене құрылысы туралы білімдерін кеңейту; ермексаз кесектерінен ұзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып балықты мүсіндей алуға үйрету; тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.	
Күтілетін нәтиже:	ермексаз кесектерінен ұзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып, балықты мүсіндейді; балықтың пайдасын, оны қорғау қажеттігін түсінеді ; балықты мүсіндеу кезінде созу тәсілін пайдаланады.	
Тілдік мақсат:	қалып жатқан ізі жоқ. Билингальді компонент: балық–рыба, су–вода.	
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ – жауап.	
ҰОҚ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз! Орман, көлге, шыңға біз, Саяхатқа шығамыз. Бөлінбейді іргеміз,	балықтар әлемінен қысқаша видеоүзінді, түрлі түсті ермексаз, ермексаз кесуге арналған құрал, сулық, мүсіндеуге арналған тақтайша, үлестірмелі материалдар, жұмыстың дайын үлгісі.

	Әрқашанда біргеміз!	
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Қызығушылықты ояту Миға шабуыл Жұмбақ жасыру. Шаңқ-шұңқ еткен үні жоқ, Сусыз оның күні жоқ, Жүріп кетсе соңында, Қалып жатқан ізі жоқ. – Бұл не, балалар? Сөздік жұмыс: қалып жатқан ізі жоқ. Билингвальді компонент: балық – рыба, су – вода. Педагог балықтың суретін көрсетіп, дене құрылысына талдау жасайды. Суреттен балықтың желбезегін, жүзбеқанатын, құйрығын, қабыршақтарын көрсетеді. Олардың қандай қызмет атқаратынын сұрайды. – Балалар, балықтарды адамдар не үшін аулайды? Оның қандай пайдасы бар? 21 – Балықтар азайып кетпес үшін оған қандай жағдай жасау керек? Үлестірмелі материалға назарларын аударады. – Адамдардың дұрыс қарамауынан өзен түбіндегі балықтардың бәрі қашып кетіпті. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Педагог балықты жасау тәсілін көрсете отырып түсіндіреді. – Жұмысты топтарға бөлініп жасаймыз. Домалақтанған ермексазды созу арқылы сопақша пішінге келтіреміз (сәбізді жасау тәсілін еске түсіру). Ұш жағы сүйірленіп келген сопақша пішінді тақтайша бетіне қойып, алақанмен жаншу арқылы жалпақтаймыз. Енді балықтың жүзбеқанатын, құйрығын жасап аламыз. Оларды денесіне біріктіреміз. Кішкентай көз жасап, басына орналастырамыз. Аузын ермексаз кескішпен белгілеп көрсетеміз. Кескішпен денесіне қабыршақтың суретін салып шығамыз. Енді әр топ өздері жасаған балықтарын судың ішіне орналастырады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.	

IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	– Біз бүгін не істедік? – Балық несімен дем алады? – Балықтың несі жоқ? – Балықтың денесін не жауып тұрады? – Жарайсындар, балалар, жасаған балықтарың әдемі шығыпты!	
--	---	--

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу
Ақпан айы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

ҰОҚ тақырыбы:		Ұялы телефон	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылық дағдыларын қалыптас тыру. Ұсақ қол мотори қасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу		
Күтілетін нәтиже:	Саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып мүсіндеуді біледі		
Тілдік мақсат:	Телефон, шырылдау, хабарлама		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ- жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Оқу қызметінің барысы: Қане ,балалар барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап күн жасайықшы. -Балалар ,мынау ненің суреті? (күннің) -Күн жарқырап шыққан кезде адамдарға шуағын шашады. -Таңертең тұрған кезде аналарың қайырлы таң деп айта ма? Кәне, бізде қайырлы таң тілейік. -Қайырлы таң көздерім, сендер ояныңдар!!! -Қайырлы таң құлақтарым, сендер ояныңдар!!! - Қайырлы таң саусақтарым, сендер ояныңдар!!! Көздерін, құлақтарын уқалайды Шапалақтайды. -Жарайсыңдар, балалар! Қазір жылдың қай мезгілі? Балалардың жауаптары.		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Қуыршақтың адасып келуі. Қуыршақ балалармен амандасып, өзінің адасып кеткенін айтады.		

17 минут

Көмектесуін сұрайды.

Балалар көмектесеміз ба?

Ой қозғау.

Балалар, енді анасын қалай табамыз, қалай хабарласамыз?

Дұрыс, ал ол үшін біз несін білуіміз керек?

Телефонның қандай түрлерін білесіндер?

Телефон тұтқасын көтергенде қандай сөздер айтамыз?

Телефонға қалай жауап беру керек

Балалардың жауаптары.

Балалар анасына хабарласу үшін телефон жоқ? Не істейміз?

Балалар ермексаздан телефон мүсіндеп анасына хабарласайық.

Балаларды топқа бөлу.

1-топ үй телефон мүсіндейді.



2- топ қалталы телефон мүсіндейді.



Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрамыз,

Қолды белге қоямыз

	Иілеміз оңға бір. Иілеміз солға бір, Біз тынығып аламыз. Балалар телефон мүсіндеуге кіріседі. балаларға көмектесу. Қадағалау, көмектесу. Балалардың жұмысын қорытындылау. Қуыршақтың анасына хабарласу. Қуыршақтың апасының келуі. Қуыршақ және оның анасы балаларға рахметтерін айтып қоштасады.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Сұрақтар ілмегі.. Балалар, бүгін бізге кім келді? - Біз қуыршаққа қалай көмектестік? Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу.
Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

ҰОҚ тақырыбы:		Торсық	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Халық шеберлерінің еңбегі туралы білімін кеңейту, саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша мүсіндеу дағдыларын бекіту.		
Күтілетін нәтиже:	Саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып мүсіндеуді біледі		
Тілдік мақсат:	Торсық, тері, қымыз.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ -жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Оқу қызметінің барысы: 1.Шаттық шеңбер. Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Жыл мезгілін,апта күнін сұрау. Балаларды ойын ойнауға шақыру.		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	«Сиқырлы дорба» ойыны. (Сиқырлы дорба ішінде Ыдыс-аяқтар: кесе, ожау, табақ, торсық) Ойын шарты. Балалар әр затты мұқият қарап шығып,олардың атын атап береді. Ой қорыту. АКТ көмегімен торсықтың суреттерін көрсету.		

	«Торсық» ыдысының пайдасы, қолданылуы жайында түсінік беру.  Сергіту сәті Ермексазды қояйық, Орнымыздан тұрайық. Қолымызды соғайық, Бір тынығып алайық Балалар, осы ұлттық бұйым, қымыз құятын әдемі торсықты мүсіндейік. .Қауіпсіздік ережелері: Ермексазды ауызға салма. Жұмыс соңында жабысқан ермексазды кескішпен тазала. Жұмыс істеп болған соң, қолыңды сабындап жу. Жұмыс барысы 1. Тұтас ермексаздан конус жасаймыз. 2. Төменгі оң және сол жақ шеттерін созып, жоғары қарай ақырын иеміз. Балалардың өз бетінше жұмысы. Қажет болған жағдайда, жеке балаға көмек көрсету.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	«Шебер қолдар» көрмесі ұйымдастыру. Балаларды жұмыстарын талқылау. Не жасадық? Балалардың жауаптары. Балаларды мақтап, мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу.

Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

ҰОҚ тақырыбы:		Әжеге арналған сыйлық.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балаларға әженің отбасындағы рөлі туралы және үлкендерді сыйлап, құрметтеу керектігі туралы түсінік беру; нанның түрлерін, (домалақ, жалпақ, сопақша) пішіндерін мүсіндеуді жалғастыру; нанды қастерлей білуге тәрбиелеу		
Күтілетін нәтиже:	домалақ, сопақша, жалпақ пішіндерді тәтті нан түріне келтіруді жасайды: үлкенді сыйлауды, сыйлық жасап қуанта білуді түсінеді: ермексазды есу, домалақтау, жалпақтау тәсілін қолданады:		
Тілдік мақсат:	тоқаш, ойық тоқаш. Билингвальді компонент: сыйлық – подарки.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ-жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Педагог балалармен әже туралы әңгімелейді. Әжеге арналған өлең жолдарын тыңдауды ұсынады. Әже Әжем менің әлі де, Ұқсамайды кәріге. Шай қайнатып береді, Үлестірмелі материалдағы суретпен жұмыс		балалардың санына қарай үлестірмелі материалдар, ермексаздан жасалған үлгі, әртүрлі пішіндегі түймелер, ойық тоқаш, бауырсақ, тақтайша, ермексаз, сулық.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Ой қозғау. –Балалар, мен кім туралы тақпақ оқыдым? Әжеміз сендерді өз дастарқанына наурыз көжеге шақырып жатыр екен. Әжеміздің үйіне құр қол бармай, өз қолымызбен сыйлық жасап, алып барайық. Әжемізге қолдан бауырсақ, ойық тоқаш жасап апаруға болады. Сөздік жұмыс: тоқаш, ойық тоқаш.		

	Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру: – ермексазды жұмсартамыз; – алақанға салып, домалақтаймыз; – екі алақанның ортасына салып, жалпақтаймыз; – «шұжықша» пішінге келтіріп есіп, оның екі шетін біріктіреміз. Алдын ала дайындаған үлгілерді көрсету. – Балалар әженің үйіне кім қандай сыйлық алып барғысы келсе, соны жасайды. Билингвальді компонент: сыйлық – подарки. Сергіту сәті: Бір үйде біз нешеуіміз, Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – атам, Балаң үйрек – әжем. Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. Балалардың өз бетінше жұмысы. Балаларға жұмыс жасауға уақыт бөлу. Қажет болғанда Балалар жұмысын бақылау. Дид ойын: «Тәтті тоқаштар» Балалардың жұмысын бағалау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балалардан сұрап, жауап алу: –Сен әжеге қандай сыйлық жасадың, неге осы сыйлықты таңдадың? Балалардың жұмысын талдау, мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу
Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

ҰОҚ тақырыбы:		Түймедақ гүлі	
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдайды.		
Күтілетін нәтиже:	ермексазды есу, домалақтау, жалпақтау тәсілін қолдана алады.		
Тілдік мақсат:	Билингвальді компонент Гүл-цветок, гүлдейді, құлпырып.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ-жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Оқу қызметінің барысы: 1.Шаттық шеңбер. Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын алайық, Мейірімділік жиналған жылы шуақты бір-бірімізге шашайық! Балалармен әңгімелесу. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктем мезгілінің қандай ерекшіліктері бар?		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Қонаққа екі қуыршақ келеді. Біреуінің қолында гүлі бар. Ал екінші қуыршақта гүлдің жоғын айтады.Қуыршақтар бізден көмек сұрап келіп тұр. Балалардың көңілін бірінші қуыршақтың қолындағы гүлге аударару. Суретпен жұмыс Түймедек гүлімен таныстыру.		

	 Балалар сендер екінші қуыршаққа түймедақ гүлін мүсіндеп бересіңдер ме? Топқа бөлу. Балаларды екі топқа бөлу. 1-топ ермексазды жағу арқылы түймедақ гүлін мүсіндейді, 2-топ ермексазды дөңгелету арқылы түймедақты мүсіндейді. Сергіту сәті. Шаршағанда ырғалып Гүлге ұқсап дем алам Қанатымды бір қағып Гүлдей болып жайқалам Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Балалардың жұмыстарын қорытындылау. Галерия шарлау әдісі. Балалар бір-бірінің жұмыстарына баға береді. Қуыршақтар қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Қатынас» Оқу қызмет түрі: мүсіндеу

Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің достарым»

ҰОҚ тақырыбы:		Қаңқыз	
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	Қаңқыз және оның өзіне тән белгілерімен таныстыра отырып, әдемі мүсіндеуге үйрету. Ұсақ қол қимылдарын, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту.		
Күтілетін нәтиже:	ермексазды бас бармақпен басып шымшу әдісімен иіп келтіреді; ермексазбен жұмыс істеу дағдыларын қолданады.		
Тілдік мақсат:	Қаңқызы, жәндіктер		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сәуле тарапты Қайырлы таң. Қайырлы күн. Балалармен әңгімелесу. Балалар, қазір қай мезгіл? Көктем мезгілінде неше ай бар? Үш айды атаңыз? Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? балалардың жауаптары.		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Ой дамыту. Суретпен жұмыс. Мына жәндіктер қалай аталады? (Көбелек, ара, инелік, өрмекші, құмырсқа, қоңыз) Бұл жәндіктердің пайдасы қандай?		

	Балалар, мына жәндік қалай аталады? (Қанқызы)  Қанқызының пайдасы қандай? Сергіту сәті Ермексазды қояйық, Орнымыздан тұрайық. Қолымызды соғайық, Бір отырып, бір тұрып Бір тынығып алайық. Балар қәне өзімізге осындай әдемі қанқызын мүсіндеп алайық. Үлгі көрсету, түсіндіру.  Балалардың өз бетінше жұмысы. Қажет болған жағдайда, жеке балаға көмек көрсетіледі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Көрме ұйымдастыру. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу
Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

ҰОҚ тақырыбы:		«Түлкі мен шәркей» ертегісі бойынша сюжетті мүсіндеу	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	мүсінделетін дененің қозғалысын беру тәсілін өз бетінше ізденуге бағыттауды,ертегі желісі бойынша мүсіндей алуға ,эртүрлі орман жануарларын мүсіндей алу дағдыларын арттыру		
Күтілетін нәтиже:	5–6 бөліктен тұратын, пішіні және көлемі бойынша эртүрлі жасайды орман жануарларын мүсіндейді; ұжымда жұмыс істей алуды түсінеді мүсіндеу тәсілдерін, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қолданады		
Тілдік мақсат:	шәркей. Билингвальді компонент:түлкі–лиса, шәркей–лапти.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ - жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мадақтайық, мақтайық әлемді!		түрлі түсті ермексаз,ермексаз кескіш,сулық, үлестірмелі материалдар, ертегінің

	Педагог: – Балалар, біз сендермен бүгін «Түлкі мен шәркей» ертегісін еске аламыз. – Балалар, ертегінің неден басталанын еске түсірейікші. – Әдетте ертегілерде түлкіні қалай суреттейді? Олқандай?	сюжеті
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. – Таңертеңгісін түлкі қатты дауыстап жылап, қояннан шәркейінің орнына тауығын беруді сұрайды. Қоян түкте істей алмай, оған сүйікті тауығын береді. Содан соң түлкінің ойына не келді? – Иә, ол түнде тауығын орманға жасырып, ұйықтауға жатты. – Ал таңертең тауығын жоқтап, оның орнына қасқырдан сүйікті қозысын беруді сұрайды. Содан соң ол кімнен үйіне түнеп шығуды сұранды? Ол аюды қалай алдады? – Иә, ол осындай қу аң. Содан кейін не болғаны естеріңде ме? – Түлкі інге тығылды. Құйрығы інге сыймай, далада қалып қойды. Иттер оны құйрығынан суырып алып шықты. – Міне, біз ертегіні есімізге түсірдік. Бізбүгін мүсіндеу жұмысын шағын топтармен орындаймыз. Бір-бірің мен келісіп, кім қандай жануарды мүсіндейтінін анықтап алыңдар (түлкі, қоян, қасқыр, аю, ит). Үстелде түрлі түсті ермексаздар тұр, алдарындағы үлестірмелі материалда ертегі көрінісі суреттелген. – Біз ненің қай үйде тұратынын қалай білеміз? – Жануарлар денесін бірнеше бөлшектен біріктіру тәсілімен жасаймыз. Дене бөліктерін атаңдаршы. – Содан соң ұсақ бөлшектерімен толық-тырамыз (көз, құлақ, мұрын, т.б.) Педагог тақтаға жұмыстың орындалу реті көрсетілген плакатты іледі. Сөздік жұмыс: шәркей. Билингвальді компонент: түлкі–лиса, шәркей–лапти. Сергіту сәті. Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орайды,	

	Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыс ұйымдастырады.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	– Бүгін не туралы әңгімелестік? – Түлкі қандай аң? Ермексаздан не жасадыңдар?	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Мүсіндеу
Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

ҰОҚ тақырыбы:		Гүлзардағы гүлдер	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдай білуге үйрету. Ұжымдық жұмысқа қатысуда қызығушылық қабілеттерін жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, қол қимылдарын дамыту.		
Күтілетін нәтиже:	көктемгі табиғат ерекшеліктерінбіледі: гүлдер туралы түсініктіигереді: саусақпен кішкентай дөңгелектер салудымеңгереді:		
Тілдік мақсат:	Гүлзар, құлпырады		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ – жауап.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз , Көңілдіміз бүгін біз. Қайырлы таң достарым, Балалармен әңгімелесу. Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? - Аттарын еске түсірейік?		

	- Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай?	
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Адамдардың бәрі қызығады, Ұстай берсең сәні бұзылады. (Гүл) Суретпен жұмыс Аулада өсіп тұрған гүлдердің суреттерін көрсету. Сұрақ жауап. Тосын сәт. Сауле келеді. Көңілсіз. Досының туған күніне бара жатып гүлдерін шашып алғанын айтады. Балалардан көмек сұрайды. Топқа бөлу. Түстер арқылы. 1.Қызыл түс тобы гүлді Қатырма қағазға бедерлеу тәсілі арқылы гүлді мүсіндейді.  2-Сары түс тобы гүлді бір-біріне біріктіру арқылы гүл мүсіндейді.  Сергіту сәті: Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді) Су құямын гүлге(қолмен су құяды) Гүл күткенді біледі(тербеледі) Бойын сылап күледі(бойын қолымен сыйпайды) Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады(қолын желпейді)	

	Балалардың жұмысын бақылау. Жеке жұмыс. Балаларды мадақтау. Ойын: «Гүлдерді топтастыр» (Монтессори технологиясы бойынша) Шарты: суреттердің ішінен дала, бақша, бөлме гүлдерін ажыратып, қысқышпен қысып, топтастыру керек.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Балалар гүлімізді жасап болсақ, мүсіндеудің тақтайшасына көрмеге қояйық. Жұмыстарын тамашалайды бір*бірінің. Жасаған гүлдерін Сәулеге береді. Сәуле балаларға рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Жапсыру.

Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің балабақшам»

Қыркүйек айы

ҰОҚ тақырыбы:		Балабақша ауласындағы көбелектер	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Үлгіге қарап, қағаз бетіне көбелектерді жапсыру. Жапсыру дағдыларын қалыптастыру		
Күтілетін нәтиже:	Көбелектер туралы түсініп, жапсыруды меңгереді		
Тілдік мақсат:	ұшады, қанаты, көп түрлі		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ- жауап әдісі		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: Арайлап атқан таңға сәлем! Жылуын шашқан күнге сәлем! Жайнап өскен бізге сәлем! Білім беріп тәрбиелеген, Апайларым сіздерге сәлем!		Түлі түсті қағаздар, қайшы, қарындаш, желім ,дөңгелек пішіндер.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Қызықтыру сәті. Жұмбақ жасыру Гүл үстінде әдемі, Екі жапырақ биледі. Жұлып алайын деп едім Ұстатпай ұшып кетті.		

	Ой дамыту. (Балалардың назарын суреттерге аудару) -Балалар мына гүлдің үстінде қонып отырған қандай жәндік? Балалар көбелек туралы білгілерің келе ме? Бейне роликке (көбелек туралы және көбелектің дамуы туралы) көңілдерін аудару. Балаларды шығармашылық орталығына шақыру: Топқа бөлу әдісі. Әр түрлі көбелектермен 1 топ Көбелекті қиып жапсыру. 2-топ Дайын көбелекті әсемдеу. (дөңгелек пішіндермен) Жұмыстың орындалу техникасын көрсету. Балалараға суретті жапсыру процесін кезектілігін көрсету. Қауіпсіздік ережелері. қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту. Саусақтарға арналған жаттығу «Көбелек» Ұйқыда жатқан гүл кенеттен оянды. Одан кейін ұйқысы оның келмеді. Жыбырлады, дірілдеді, Қанат қағып, ұша жөнелді. Балаларға жеке көмек көрсету.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытынды: Галерея шарлау әдісі. Өз ара бағалау. Бас бармақ әдісі. Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Жапсыру
Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің достарым»
Қыркүйек айы

ҰОҚ тақырыбы:		Досымның үйі	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Үй туралы түсінік беру.Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	Қайшымен жұмыс жасай алады, жапсыру тәсілін біледі.		
Тілдік мақсат:	Үй, қабырға, қиынды		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ –жауап әдісі		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері. Е.Өтетілеуұлы Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, Ертемен ақ пейілмен: "Қайырлы таң!"-деймін мен. Қызығушылықты ояту Жұмбақ. Төбесі үш бұрышты, Қабырғасы төртбұршты Адамдардың паналайтын ұясы		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Ой дамыту АКТ технологиясы. Слайд .Үйлер. Үй туралы қысқаша түсінік беру. -Үй не үшін керек? -Онда қандай пішіндер қолданылған?		

	-Қандай бөліктері бар? -Суреттегі үйлер бәрі бірдей ма? 2.Таңғажайып сәт: Бөлмеге хат байлаған шар ұшып келеді. Бұл хатта не жазылған екен. Оқып көрейік «Қымбатты балалар сендерге хат жазып отырған аңдар. Бізге үйлер салуға көмектесіңдерші. Біз оны тұрғызғанбыз, бірақ ол қайта –қайта құлап, бұзыла береді. Балалар, күшікке көмектесеміз бе? 3. Ресурстар арқылы топқа бөлу. 1-топ. Геометриялық пішіндерден қиып жапсыру. 2- топҮй макетіне қағазды майдалап қийып жапсыру Үйшік жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.. Қауіпсіздік ережесімен таныстыру. Серттігу сәті. Иіліп оңға бір, Иіліп солға бір. Денемізді дұрыстап, Тұрамыз тік ұстап. Шығармашылық жұмыс. Балалардың өз бетінше жұмысы. Қадағалау, көмектесу.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Күшік балалардың жасаған үйлеріне қуанып,қоштасады. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Жапсыру

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Қазан айы

ҰОҚ тақырыбы:		Алаша
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Желімдеу техникасын қалыптастыру. балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,	
Күтілетін нәтиже:	заттарды қағаз бетіне дұрыс орналастыруды; нұсқаумен ұқыпты жапсыруды; түстер мен пішіндерді ажыратуды біледі.	
Тілдік мақсат:		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім		
ҰОҚ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Ғажайып сәт.Педагог: –Балалар, бүгін біздің топқа қонақ келді. Қонақты қарсы алып амандасып, онымен танысайық. –Мяу, мяу, мяу, мен кішкентай мысық – Марғау. Балалар мен бүгінгі күнімді сендермен өткізгім келеді. Сендер мені қабылдайсыңдар ма? Балалардың жауабы.	үлестірмелі материалдар, дайын аппликация үлгілері, сүрткіш, желім жаққыш.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Топқа сиқырлы алашасы бар сиқыршы ағай көмек сұрап келеді. Үлестірмелі материалға назар аударады. Сиқыршы ағай балалардан суретке қарап сұрақтарға жауап берулерін сұрайды: –Суреттен нені көріп тұрсыңдар? Алаша қандай пішінге ұқсайды? Қандай түсті жолақтардан жасалған? –Балалар, ертегілер әлеміндегі ханзадаларға сиқырлы алашалар керек екен, көмектесіп жіберейік. Алдын ала үлгіден қиып алып дайындаған көк және қызыл түсті жолақтарды кезектестіре отырып, тігінен, солдан оңға қарай үлгідегідей етіп жапсырамыз. Сергіту сәті: Алладиннің алашасы қолымда, Жерге жайып жібердім мен тұрдым да.	

	Томпаңдадым, топылдадым үстінде, Бұл менің өңім бе, әлде, түсім бе? Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жұмыс барысында қиналған балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын қортындылау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. – Алашаның түсі қандай? – Алаша қандай пішінге ұқсайды? – Сендерге жасаған алашаларың ұнай ма? – Жарайсыңдар, балалар, бүгін өте әдемі алаша жасадыңдар. Сиқыршы ағаймен және марғаумен қоштасайық.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Жапсыру

Қазан айы. Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

ҰОҚ тақырыбы:		Күзгі жапырақтар» (Сюжетті аппликация)	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын сақтауды үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	жыл мезгіліне байланысты жапырақтардың түсінің өзгеретінін біледі.		
Тілдік мақсат:	Жапырақтар саудырап, түрлі-түрлі		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ- жауап.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді болып жүрейік! Қазір қай мезгіл? Күз екенін қайдан білдіңдер? Балалардың жауаптары		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Кірпі келеді. Кірпі бүгін бізге қызықты суреттер әкеліпті. Суретпен жұмыс. Ой қозғау. Кәне суретке қарап көрейік. Балалар бұл суретте қай жыл мезгілі? Күзде қандай өзгерістер болады? Ағаштағы жапырақтардың түстері қандай? Балалардың жауаптары Кірпі: Балалар маған күзгі жапырақ гүл шоғын жасап бересіңдер ма?		

	Балалар келіседі. Топқа бөлу. Түрлі түсті жапырақтармен топқа бөлу. 1-топ сары түсті жапырақтар түрлі түсті қатты қағазды қиып үлкен жапырақ жапсырады. 2-топ қызыл түсті жапырақтар кіші жапырақтар қиып жапсырады. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп- кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Балалардың жұмыстарын қорытындылау. Галерея шаралау әдісі. Балалар бір бірінің жұмыстарын бағалайды. Кірпі балалараға рақмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Қараша айы

ҰОҚ тақырыбы:		Алма мен алмұрттан жасалған компот.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	жеміс түрлерімен таныстыру (алма, алмұрт) және ажыратуға, салыстыруға үйрету. Жемістерді салыстыруға, банканың суретінің ішіне дайын жеміс суреттерін орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:	банканың суретінің ішіне дайын суреттерді орналастыру; жемістер әртүрлі және әр түсті болады; іс-әрекет барысында алған дағдыларын.		
Тілдік мақсат:	жеміс, алма, алмұрт.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	жеміс атауымен және түрлерімен таныстыру.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Педагог балалармен шаттық шеңберін жасап тұрады. – Балалар, егер біз табиғатты аяласақ, ол өзінің көп жемісін береді. – Кәне, бәріміз бірігіп, баққа барып қайтайық. Тамаша ғой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз. Алға басып келеміз, Бәрін, бәрін білеміз. (Е. Өтетілеуұлы) – Балалар, баққа барғанды ұнатасыңдар ма?		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Педагог тақпақ оқиды: Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (А. Меңжанова)		

	–Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? –Жеміс, көгөністер піседі. Сөздік жұмыс: жеміс, алма, алмұрт. Дидактикалық ойын: «Қандай жеміс?» Педагог балаларға жемістердің суреттерін көрсетіп, қандай жеміс екенін сұрайды. –Ал, енді, біраз демалайық. Сергіту сәті: Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау! (Қ. Ыдырысов) Педагог үлестірмелі материалға назар аударады. Балаларға банканы көрсетіп, жемістерден сусын жасауды ұсынады. Магниттік тақтада суреті салынған банкаға дайын пішіндерді (алма, алмұрт) салып көрсетеді. – Алма қандай түсті? – Алмұрт қандай түсті? – Алма мен алмұрттан сусын қайнаттық, банканы қақпақпен жауып тастаймыз. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Рефлексия Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. –Біз бүгін қандай жемістермен таныстық? –Біз сусынды неден жасадық?	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Қараша айы

ҰОҚ тақырыбы:		Тәрелкедегі қияр мен қызанақ.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. көгөністер туралы жалпы білім беру; бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдауға үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	кеңістікті бағдарлай отырып, көгөністерді орналастырады; көгөністердің қай уақытта пісетінін, қияр мен қызанақтың ерекшеліктерін; желімдеудің техникасын түсінеді.		
Тілдік мақсат:	қияр, қызанақ. Билингвальді компонент: қияр – огурец, қызанақ – помидор.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Балалар шаттық шеңберін құрып тұрады. Жарқырап күн де шықты, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! Педагог балаларды әңгімеге тартады. –Балалар, қазір бізде жылдың қай мезгілі? Қандай белгілеріне қарап күз екенін білеміз? Көкөністер қай уақытта піседі? Қандай көгөністерді білесіңдер? Қиярдың түсі мен пішіні қандай? Қызанақ неге ұқсайды? Түсі қандай?		Үлестірмелі материалдар, дайын аппликация үлгілері, сүрткіш, желім жаққыш.
ҰОҚ-нің ортасы	Педагог:		

III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	–Балалар, тәрелкеге қияр мен қызанақты жапсыруды үйренейік. Үлестірмелі материалға назар аударады. –Тәрелкенің пішіні қандай? –Тәрелкеге суреттегідей қызанақты жапсырамыз, одан кейін қиярды қызанақтың оң жағына жапсырамыз. Төменгі жағына тағы бір қызанақты, қызанақтың сол жағына тағы бір қиярды жапсырайық. Аппликациямыз дайын болды. Сергіту сәті: Бойды сергек тік ұста, Емін-еркін тыныста. Демінді ішке тез ал да, Оң қолыңды соз алға. Қол ұшына қара да, Үшбұрыш сыз ауада. Педагог балалармен нұсқау бойынша жеке жұмыс жасайды. Балалардың жұмысын бақылау, жеке көмек. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог балалардың жапсырған жұмыстарын тақтаға іліп, қорытындылайды. –Бүгін қандай көгөністермен таныстық? Олардың түстері қандай екен? Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру
Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

ҰОҚ тақырыбы:		Байтерек монументі	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Текшеден дөңгелек пішін қиюға үйрету. бөліктерді желімдеуге жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:			
Тілдік мақсат:			
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Оқу қызметінің барысы. Ұйымдастыру кезеңі. Кубизм әдісі арқылы жыл мезгілін сұрау. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Білмеспек келеді. Қолында суреті бар.		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Суретпен жұмыс: Ой қозғау. Балалар сендер суретте нені көріп тұрсыңдар? Бәйтерек қай қалада орналасқан? Бәйтерек туралы не білесің? Балалардың жауаптары. Үлгімен таныстыру. Жасалу жолдарын түсіндіру. Жапсыру реттілігі: 1. Ең алдымен жаңа айтып өткендей ұшар басынан бастаймыз, яғни алтын түстес жұмыртқа. Себебі бәйтеректің діңі оның үстіне жапсырылған. Алдыларыңда таратылған үлгілерді пайдаланып, дөңгелек пішінді қиып алайық. Әрбір қиған пішініміз әдемі болу үшін, белгіленген сызық бойынша қиямыз;		

	- Түсі қандай, балалар? (Алтын түстес - сары); - Оны қағазымыздың жоғарғы жағына, орта тұсына жапсырамыз. Желімді дөңгелекке жағып аламыз; 2. Тақтадағы үлгіні көріп тұрғандарыңдай, алтын жұмыртқамыз жарқырап әсем болуы үшін жылтыр қағаздан жапсырмаланған. Біз де қазір жылтыр қағазымызды кесіп алып, алтын жұмыртқаны әрлейік; 3. Енді балалар, Бәйтеректің діңін жасайық. Алдымыздағы үлгі бойынша діңін қиып алайық. Діңге желім жағып, алтын жұмыртқаның төменгі доғал бөлігінен сәл асырып орналастырайық; 4. Соңғы жұмысымыз балалар, Бәйтерегімізді әдемілейік, яғни жылтырағаш кішкене дөңгелектер қиып алып, Бәтерек діңіне кезекпен жабыстырайық. Сергіту сәті: Шаршадым уф Ренжідім туф Қорықтым ой Шарсыз эх Танырқап ооо Кейідім ей Біліп ал ей Қуанып ха ха ха Жұмысымызды жалғастырайық. Балалардың өзіндік жұмыстары. Жеке жұмыс:	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Көрме ұйымдастыру. Білмеспек байтерек жапсыруды үйренгенін айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

ҰОҚ тақырыбы:		Мерекеге арналған шарлар.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	заттардың орналасуы, олардың арасында арақашықтықтың сақталу заңдылығы туралы дағдыларын қалыптастыру. түстер туралы білімдерін нақтылау; белгілі ретпен түрлі пішіндегі дайын бейнені қағазға жапсыруды үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	кеңістікті бағдарлай отырып, рет-ретімен орналастыруды біледі суреттегі шарларды дұрыс орналастыра білуді, қажетті түстерді үйлестіре алады; желімді дұрыс қолдана отырып, орындалу ретін сақтауды, ұқыпты жапсыра біледі.		
Тілдік мақсат:	дос, мереке. достар – друзья, шарлар – шары.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: Балабақшам, армысың! Сені жақсы көремін! Достарым менің, бармысың, Құшақтасып алайық! Педагог: –Балалар, бүгін түлкі, қоян және кірпінің туған күні екен. Олар достарының туған күніне арнап шарлар үрлепті. Бірақ жолда келе жатып шарларын жарып алыпты, енді біз оларға көмектесуіміз керек.		үлестірмелі материалдар, дайын аппликация үлгілері, сүрткіш, Айжан есімді қуыршақ.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Үлестірмелі материалға назар аудартады. –Шарлардың пішіні қандай? Түстері ше? Түлкінің қолында 1 қызыл сопақша және 1 дөңгелек сары шар,		

	кірпінің қолында 1 жасыл және 1 қызыл дөңгелек шар, ал қоянның қолында 1 жасыл сопақша және 1 сары дөңгелек шар бар. Енді осы шарларды орындарына жабыстырайық. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып алайық. Оңға, оңға, түзу тұр, Солға, солға, түзу тұр. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым, Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. Балалардың өз бетінше жұмысы Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Түлкі, қоян және кірпі мез-мейрам болып қалды, енді олар достарына сыйлықтарын сыйлай алады.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды. Ата-аналарға арнап көрме ұйымдастырады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Қантар айы

ҰОҚ тақырыбы:		«Қысқы орман» (Сюжеттік)
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Бейнелерді жырту тәсілімен жапсыруға үйрету, орналастырып жапсыру дағдыларын меңгерту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту.	
Күтілетін нәтиже:	шыршаны эстетикалық талғаммен безендіруді; түсінеді: Жаңа жыл мерекесінің белгісі шырша екенін; қолданады: желімді дұрыс қолдана отырып, орындалу ретін сақтап, бұйымды ұқыпты жапсыра білуді	
Тілдік мақсат:	шырша, шам. жаңа жыл – Новый год, шырша – ёлка.	
Өткен ҰОҚ-нен алған білім		
ҰОҚ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. 1.Шаттық шеңбер: Алақанды ашайық, Күннің жылуын салайық, Жүректің жылуын салайық Осы жақсы лебізді Бір-бірімізге сыйлайық. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?  Ширату. Қыстың қандай айы?	үлестірмелі материалдар, дайын аппликация үлгілері, сүрткіш, желім жаққыш.

	Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Қыста не жауады? Адамдар қалай киінеді? Қыста қардан не жасауға болады? Балалар қандай ойын ойнайды?	
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Қызығушылықтарын ояту Қонаққа Қыс ханшайымы келеді. Жұмбақ жасырады. Аяз қысып, өрнек сызып, Терезені торлады. Қар омбығып, Беп домбығып, балдырғандар ойнады. Кейде ұлып, кейде жұлып, Ұйтқып боран соғады. Айтыңдаршы бүлдіршіндер, Бұл қай кезде болады? Қыс ханшайымы балаларды орманға қонаққа шақырады. Балалар қысқы орманды қазір қалың қар басып қалған.өзендер мұз болып қатып жатыр. Орманға бару үшін бізге қандай құралдар қажет? Шаңғымен бару. (музыка) Орманға саяхат. АКТ Слайд. Қысқы орман Не көріп тұрмыз? қане кім әңгімелеп береді? Балалардың жауаптарын тыңдау. Ойын: «Ненің ізі» Қар ханшайымымен қоштасу. Балабақшаға оралу. Балалар орманда не көрдіңдер? Балалар қысқы орманның іші қандай екен? - Орманда не көрдіңдер?	

	Енді осы орманнан алған әсерімізбен қысқы орманның сюжетін жапсырайық. Ұжымдық жұмыс Көрсету және түсіндіру. Ашық көк түсті қағазға ақ қағаздан ұсақтап қиып, қарлар жасаймыз. Жасыл шаршы қағаздан үшбұрыш етіп қиып, шырша пішінін келтіреміз. Шыршаны қағазға жапсырып, оның үстіне қар қиықтарын жапсырамыз. Қоңыр түсті қағаздан ағаштардың бейнесін қиып шығарамыз. Балаларға өз қиялдары бойынша суретті толықтыру ұсынылады. Сергіту сәті: Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз, Соқ-соқ,соқ шапалақ Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз, Топ-топ топылдап билейміз Тоңса біздің денеміз Тон киіп аламыз Зу-зу шанамен зулаймыз Балалардың өз бетінше жұмысы Бақылау, қадағалау. Жеке көмек.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Балалар біз бүгін қайда серуенге шықтық? Қысқы орманның бейнесі қандай екен? Біз нені жапсырдық? Балаларды жақсы жұмыстары үшін мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Қантар айы

ҰОҚ тақырыбы:		Ұзын құлақ ақ қоян.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	қоян туралы түсінік беру; қоянның дене бөліктерін атай білуді, қоянның дене бөліктерін қағаз бетінде дұрыс орналастыра білуді үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	қоянның дене мүшелерін, оларды рет-ретімен жапсыруды; жыл мезгіліне байланысты қоянның түсінің өзгеретінін; қыстыгүні даланы мекендейтін жануарды жапсыруды.		
Тілдік мақсат:	ұзын құлақ. Билингальді компонент: қоян – заяц, ұзын –длинный.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Ғажайып сәт. Топқа секіріп қоян келеді: Қайырлы күн, достар! Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Армысың, шапағатты Күн-ана! Армысың, шапағатты Аспан-ана! Армысың, мейірімді Жер-ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! Қоян балаларға сұрақ қояды: –Қазір жылдың қай мезгілі? Мен қыстыгүні қайда мекендеймін? Қыста далада мекендейтін тағы қандай жануарларды білесіңдер? Қоянның түсі, құлағы қандай?		үлестірмелі материалдар, дайын аппликация үлгілері, сүрткіш, желім жаққыш, ойыншық қоян.

ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Педагог: –Балалар, ұзын құлақ ақ қоянды жапсыруды үйренгілерің келе ме? Балаларға жұмыс барысын түсіндіреді. Үлестірмелі материалға назар аудартады. – Негізгі бетке (фонға) қоянның денесін жапсырамыз. Одан кейін басын және ұзын құлағын жапсырамыз. Балалар, қоянның құйрығы қандай екен? Қоянның құйрығын жапсырамыз. Қоянның аяқтары ұзын ба, әлде қысқа ма? Енді аяқтарын жапсырайық. Сергіту сәті: Көжегім, тұршы, Бетінді жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Киіміңді киші, Мектепке қарай жүрші, Орныңа отыршы, Сабағыңды оқышы. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жұмыс барысында қиналып отырған балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды. –Балалар, бәріміз бірге қоян сияқты секіріп көрейік. Ата-аналарға көрме ұйымдастырады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Ақпан айы

ҰОҚ тақырыбы:		Қысқы көрініс	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу дағдыларын қалыптастыру.Қол қимылдарын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:			
Тілдік мақсат:			
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы Шаттық шеңбер Армысың Алтын күн Армысың көк аспан, Армысың,қайырымды Жер Ана Армысың менің достарым! Тосын сәт: Есік қағылып пошташы хат әкеп береді. Хатты оқу. Сәлеметсіңдер ме,балалар. Құрметті балалар бұл хатты сендерге ыстық елдің балалары жазып отыр. Біздің елде қыс мезгілі болмайды. Сондықтан біз сендерден қыс туралы білгіміз келеді. Сендер көмектесесіңдер ме? Қыс туралы,қар туралы айтып бересіңдер ме?		
ҰОҚ-нің ортасы	Ой дамыту.		

III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Балалар арнайы түсірілім жасайық. (видеоға түсіру). Сосын сол түсірілімді таспаға жазып жолдап жіберейік жарайма? Ой қозғау. Қыс деген не балалар? Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Қандай қыстық ойындарды білесіңдер? Қыс мезгілінде не жауады? Балалардың жауаптары. Ой дамыту. Балалар, енді достарымызға қыс мезгілінің суретін салып берейік. Балалар ,қыс мезгілін салғанда қандай көріністі көз алдына елестетеміз? Балалардың жауаптары Топқа бөлу. пішіндер арқылы. 1-Үшбұрыш тобы түрлі түсті қарандашпен қыс көрінісін салады. 2-топ бояумен қыс көрінісін бояйды. Сергіту сәті (саусақ жаттығуы) Қолды үстелге қоямыз, Саусақтарды санаймыз: 1, 2, 3, 4, 5 5,4 , 3 , 2 ,1 Екі қолды біріктіріп. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Галерея шарлау әдісі. 3 шапалақ әдісі арқылы бағалау. Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын хатка салып ,бейнетаспаны достарына жіберуБалаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Ақпан айы

ҰОҚ тақырыбы:		Жүк көлігі.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қол қимылдарын дамыту. Әдемілікке тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:	Машинаны берілген пішіндерден құрау; дайын бөліктерді ретімен жинауды біледі.		
Тілдік мақсат:	Гараж, жүргізуші.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ-жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер. Сәлем саған алтын күн! Сәлем саған көк аспан! Сәлем саған жер ана! Сәлем саған достарым! Сұрақ жауап -Балалар, жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? -Қазір қай ай? Балаларды мадақтау		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Дидактикалық ойын: «Көлікті ата!» Балаларға машина суреттерін көрсету, атауын сұрау. Тосын сәт. Қонжық келеді. Ол бізден көмек сұрап келіпті.		

	Заттарын тасуға жүк машинасы керек екен. Суретпен жұмыс АҚТ технол жұмыс. Жүк машинасы туралы түсіндіру..Қонжыққа көмектеу. Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету. Балалардың өз бетінше жұмысы. Топқа бөлу. Үлгіге қарап жүк машиналарды жапсыру. 1-Топ құм таситын жүк көлік жапсырады. 2-топ Ауыр жүк таситын машинаны жапсырады. Сергіту сәті. Қолыңды қойда рөлге, Моторға қосыл гуілде. Дөңгелекке жел толтыр, Машинаға тез отыр. Басқышты басамыз, Алдыға зулаймыз. Дид ойын: «Біздің машиналар көрмесі» Балалардың жұмысын бағалау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытынды. Балалардың жұмысын қорытындылау. Жасаған жүк машинасын бағалау,мадақтау. Қонжыққа сыйлау. Қонжық қуанып рахмет айтып қоштасады. Сұрақ жауап. Сонымен жүк көліктер не үшін керек екен?	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру
Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

ҰОҚ тақырыбы:		Анама арналған орамал.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балаларға аналар мерекесі туралы мағлұмат беру. Қағазға «қошқармүйіз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды ананы қадір тұтуға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:	қағазға «қошқармүйіз», «көз» оюларын дұрыс орналастыруды; аналар мерекесі туралы; аналарға мерекеде сыйлық сыйлауды; дайын бөліктерді ретімен жинауды біледі		
Тілдік мақсат:	ою-өрнек.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	ою түрлерімен таныстыру.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбер. –Балалар, бүгін мереке. –Сендер сыйлық сыйлауды білесіңдер ме? – Кәне, бәріміз бір-бірімізге сыйлық сыйлайықшы! – деп, бантигі бар қорапшаны беріп, балаларды бір-біріне сыйлық ретінде сыйлауға үйретеді. Педагог әңгіме өткізеді: –Балалар, мына тақпақта кім жайлы айтылған, бәріміз тыңдаймыз. Шуақ төгіп, күлімдейтін қарасам, Анашымды күнге ғана баласам... Жер бетінде ең жақыным өзіңсің,		үлестермелі материалдар, «қошқармүйіз», «көз» оюларының суреттері; магниттік тақта, ою-өрнектер

	Мәпелейсің, аялайсың әрқашан. Қиялымды қалықтатып қыр асам, Көкте ұшқан құспенен де таласам. Арманым бар бір өзіңе арналған, Үлкейгенде қажетіңе жарасам. (А. Жүндібаева) – Балалар, наурыз айында 8 Наурыз мерекесі болады. 8 Наурыз – аналардың мерекесі. Аналарға сыйлық сыйлайды. 16	
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең – Ал сендер аналарыңа сыйлық жасағыларың келе ме? Педагог үлестірмелі материалға назар аудартады. – Мына орамал, ол «қошқармүйіз» және «көз» деген қазақтың ою-өрнектерімен әшекейленген. Қазақ халқы өзінің үй тұрмысында қолданылатын заттарды ою-өрнектермен әсемдеген. Сөздік жұмыс: ою-өрнек. – Біз де анамызды бір қуантайық, – деп, педагог аналарға орамал сыйлауды ұсынады. Қағазға «қошқармүйіз» және «көз» оюларының орналасуын магнитті тақтада көрсетеді: «қошқармүйіз» оюын орамалдың ортасына орналастырамыз, «көз» оюларын төрт бұрышына орналастырамыз. –Орамал дайын болды, енді анамызға сыйлауға болады. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балалардың сыйлықтарына ризашылығын білдіреді. – Балалар, біз бүгін қандай сыйлық жасадық, оны кімге сыйлаймыз?	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

ҰОҚ тақырыбы:		Бөрікті сәндейміз.	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	қазақтың ұлттық баскиімі – бөрікпен таныстыру. Бөрікке ою-өрнекті орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:	оюларды бірдей арақашықтықта орналастыруды; ұлттық баскимдердің бірнеше түрлері болатынын; дайын оюларды бөрікке жапсыруды.		
Тілдік мақсат:	баскиім, бөрік, тақия, сәукеле.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ-жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері. Педагог балалармен шаттық шеңберін құрады Ана тілің – ертегің, Ана тілің – өркенің. Ана тілің – ертеңің, Қадірле ана тіліңді – Сонда ашасың гүлінді. (Б. Үсенбаев)		үлестермелі материалдар, қазақтың ұлттық баскиімдерінің суреттері, магниттік тақта, дайын ою-өрнектер.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Ғажайып сәт. Топқа бөрік киген қуыршақ келеді. –Балалар, қонақты қалай қарсы алу керек? – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерге құрқол келген жоқпын. Мен сендерге суреттер әкелдім. Көрнекілікпен жұмыс: «Қазақтың ұлттық баскиімдері»: бөрік, тақия, сәукеле. Сөздік жұмыс: баскиім, бөрік, тақия, сәукеле. Қуыршақ:		

	–Менің баскиімім бар, бірақ менің баскиімімде ою-өрнек жоқ. – Менің баскиімімді әшекейлеп беріңдерші? Оюларды салыңдар, Ою мәнін табыңдар. Ою-өрнек тоқыңдар, Ою жайлы оқыңдар. (Н. Қалқа) – Балалар, қуыршақтың бөркіне әдемілеп ою-өрнек салып берейік. – Бөріктің түсі қандай? – Терісінің түсі қандай? – Ою-өрнектің түсі қандай? Үлгіге қарай отырып, педагог ою-өрнекті бөрік салынған қағазға қалай орналастыруды магниттік тақтада көрсетеді. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	қорытынды жасау. Балаларды мадақтайды. Қуыршақ (қуанып): –Енді менің біреу емес, көп бөркім бар! – дейді. Қуыршақ балаларға рақметін айтады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Сәуір айы

ҰОҚ тақырыбы:		Гүл салынған құмыра	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Екі бүктелген қағаздан әртүрлі бейнелерді-жапырақтарды , гүл жапырақшаларын қиып алу тәсілдерін үйрету. Әр түрлі тәсілдерді қолданып, бірнеше бөлікте тұратын зат құрастыру дағдыларын дамыту.		
Күтілетін нәтиже:	іс-әрекет барысында алған дағдыларын қолданады.		
Тілдік мақсат:	Құмыра, шоқ гүл, түтікше		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	«Тілек шоғы» жылулық шеңбері. Балалар бір-біріне гүл беру арқылы тілек айтады. Тосын сәт: Қолында гүлі бар әже келеді. Балалар әжемен амндасады. Әже. Бүгін менің немерем Әселдің туған күні еді маған сыйлық жасап беруге көмектесіңдер ма? Балалар көмектесетіндерін айтады.		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Сергіту сәті. Топқа бөлу. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. 1-топ жұмыртқа салатын қорап,түтікше және гүлдің қиындылары арқылы, Гүлді құрастырады. 2-топ дайын қиылған гүлді құмыра жасап жапсырады. Балалардың жұмысын бақылау.		

	жеке көмек көрсету.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Балалардың жұмысын қорытындылау. Көрме ұйымдастыру. Әже балалардың жұмыстарын мадақтайды. Балалар әжеге жасаған гүлдерін береді. Рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Сәуір айы

ҰОҚ тақырыбы:		Дәмді бауырсақ	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Түстерді пайдаланып, геометриялық пішіндерден сәндік композициялар жасату. Бейнелерді қиып ала отырып, жапсыру икемділіктерін арттыру.		
Күтілетін нәтиже:	мерекелік бауырсақ жапсыруды; бауырсақтың дәмді тағамдардың бірі екенін; жапсырудың техникалық дағдыларын меңгереді.		
Тілдік мақсат:	мерекелік бауырсақ Билингвальды компонент: тәтті – сладкий		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ -жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Педагог балаларды мерекелік көңіл күйге шақырды. Бір-бірімізге қуаныш, күлкі сыйлайық. Бір-бірімізге жақсылық, денсаулық тілейік. Жұмбақ Күрең қызыл түсі бар, Тағамдардың дәмдісі. Аналар оны пісіреді, Балалар жақсы көреді. (Бәліш) Бауырсақтың иллюстрациялық суреттерін көрсетеді. Бауырсақтың тәтті әрі дәмді болатындығы жайлы әңгімелейді. Бауырсақтың бірнеше түрлерімен таныстырады. Сөздік жұмыс: мерекелік бауырсақ Билингвальды компонент: тәтті – сладкий		сурет үлгісі, қайшы
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Тосын сәт. Әже қонаққа келеді.		

17 минут	Балалармен амандасады. Мен бауырсақ пісірейін деп едім, маған көмек көрсетесіңдер ме? Әже, балалар бауырсақтың қайдан келетінін білгісі келеді. Суретпен жұмыс. Әже: Бауырсақ ұннан жасалады. Балалар, ұннан көптеген нан тағамдары жасалады. Олар: нан, бауырсақ, құймақ, кеспе, шелпек, таба нан т.б. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Бөліштің суретін жапсыру тәртібін түсіндіреді. Сергіту сәті. Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Балалар жұмысқа кіріседі. Жеке жұмыстар жүргізіп , балалардың жұмыстарын бақылап көмектеседі. 3.Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Ата-аналарға арналған «Мерекелік бөліштер» көрмесін ұйымдастыру. Балалармен әңгімелесу. Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Бүгін аптаның нешінші күні? Балалардың жауаптары. Сергіту сәті Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға қарай бір адым, Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық. Бауырсақтың жасалу жолдарын көрсету түсіндір. Топқа бөлу. 1-топ . қағазды жырту әдісі арқылы бауырсақты жасайды. 2-топ. Тортбұрышты қағаздың шетерін қиып бауырсақ жапсырады. Балалардың жұмыстарын бақылау. Жеке көмек көрсету.	
----------	---	--

	Балалар бауырсақ ертегісіндегі бауырсақтың өлеңін бірге айтайық. Балалар қызығушылықпен айтады. Мадақтау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Көрме ұйымдастыру. Әже балалардың жұмысын көріп мадақтайды. Рахмет айтып қоштасады. Сұрақтар әлмегә арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

ҰОҚ тақырыбы:		Жемсауыт пен ұя	
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:	кеңістікті бағдарлай отырып, рет-ретімен орналастыруды біледі.		
Тілдік мақсат:	Жемсауыт, ұя		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбер. Ыстық алақаныммен Қолыңды бер қысайын Амандасып өзіңмен Құшақтасып алайын		үлестірмелі материалдар, дайын аппликация үлгілері, сүрткіш, желім жаққыш.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Балалармен әңгімелесу. Айтыңдаршы балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? Өте жақсы, жарайсыңдар! Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Тал басында тамаша үй (ұя) Жарайсыңдар балалар, осы ұяда нелер мекендейді? Құстарға ұя не үшін қажет? Ой дамыту.		

	Көктем мезгілінде ұшып келетін құстарды еске түсіріп атап алайық. Қандай құстар ұшып келеді? Балалар құстарға арнап ұя мен жемсауыт жасайық. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Жаттығу жасасақ, Жақсы сергіп аламыз. Топқа бөлу. Ұя, жемсауыт суреттерімен топқа бөлу. 1-топ ұя тобы Түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады. 2-топ тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Сұрақтар қою. - Біз бүгін не жасадық? - Оны неге арнап жасадық. Балалардың жұмысын қорытындылау. Көрме ұйымдастыру. Балалар бір-бірінің жұмысын бағалайды.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: жапсыру

Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

ҰОҚ тақырыбы:		Ұшақтар шеруі	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	Балаларға ұшақтар шеруі туралы түсінік беру. Жіңішке қиықтарды қиюға үйрету, қуанышты көңіл-күй қалыптастыра отырып есте сақтау қабілетін дамыту.		
Күтілетін нәтиже:	ұшақтарды берілген пішіндерден құрау жасайды: ұшақтың екі қанаты, терезелері – иллюминаторлары, ұшқыш отыратын кабинасы барын түсінеді: дайын бөліктерді ретімен жинауды қолданады:		
Тілдік мақсат:	әуежай, ұшақ		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер. Біз бақытты баламыз Айтқан тілді аламыз Достарымды көргенде Амандасып қаламыз Сәлем, сәлем, сәлем..... Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Құс сияқты, құс емес, Самғап ұшқан биікке. Қанаты бар қақпайды, Жүрсе де сондай биікте. Ұшақ		үлестермелі материалдар, ұшақтардың суреті, магниттік тақта, ұшақтың дайын пішіні, үнтаспа.

ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Ойын жағдаяты. – Балалар, сендердің ұшқыш болғыларың келе ме? – Онда әуежайға барайық! Педагог балаларды бірінен соң бірін тұрғызады. – Балалар, әуежайға қонамыз. - Ұшақтар не үшін қажет? - Ұшақты кім жүргізеді? -Ұшақ қандай көлік түріне жатады? Ал сендердің ұшқыш болғыларың келе ме?Ұшқыш болу үшін не істеу керек? Ендеше, біз нағыз ұшқыш болу үшін өзімізге ұшақ жасайық. Үлгі көрсету,түсіндіру. Жұмыс барысы түсіндіріледі: Педагог үлестірмелі материалға назар аудартады. – Мынау не? – Ұшақтың екі қанаты, терезелері – иллюминаторлары, ұшқыш отыратын кабинасы бар. Педагог магниттік тақтада берілген ұшақ бөліктерінен ұшақ құрастырып көрсетеді: – Ұшақтың негізгі бөлігіне қанаттарын жалғап, көк қағазға орналастырамыз. –Негізгі бөліктің түсі қандай? –Қанаттарының түсі қандай? –Ұшағымыз дайын болды. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Педагог балалармен «әуежайдан» балабақшаға қайтады. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Ұшақ болып ұшайық. Қыранға ұқсап биікте, Қанат қағып самғайық. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалар аяқталған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Бір біріне бағалату.	

	Балаларды мадақтау.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Рефлексия Педагог ҰОҚ-ін қорытындылайды. Бүгінгі саяхатымызда сендерге не ұнады? Ойын: «Ұшты-ұшты». – Ұшты, ұшты, қарға ұшты! – Ұшты, ұшты, ұшақ ұшты!	

Тексерілді:  Емышева Н.С